

БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНЕ ПАНДЕМИЯНЫҢ ӘСЕРІ

Білім деңгейі - ол білім берумен қамтылған халықтың әлеуетті мүмкіндіктерін көрсететін статистикалық стратегиялық көрсеткіш болып есептеледі. Жалпы білім деңгейі бірнеше критерийларға сүйенеді. Олар: білім алушыға арналған бейіндік пәндер бойынша; компьютерлік-техникалық білім; шет тілін меңгеру; оқуға деген ұмтылыс; интеллект; дарындылық; есте сақтау; табандылық; жұмысқа қабілеттілік.

Қазақстан Республикасында 2004 жылдан бастап мектеп түлектерінің білімі ҰБТ көмегімен тексеріледі. Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – бұл Қазақстан Республикасының мектеп түлектерінің білімін бағалау жүйесі. Тест негізінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мемлекет тұрғысынан орын алуға болады. Бірақ өткен 2020-2022 жылдар аралығында, пандемия әсерінен жалпы білім деңгейі біршама өзгерістерге ұшырады.

Карантин енгізілгеннен кейін көптеген кәсіпорындар мен оқу орындары жабылды. Оқу жылын мерзімінен бұрын аяқтамау үшін қашықтықтан оқыту енгізілді. Пандемияға байланысты оқушыларды қашықтықтан оқыту оқу үлгеріміне әсер етті.


Студенттерден, оқытушылар мен оқушылардан алынған сауалнама бойынша қашықтықтан оқытудың кері, сонымен қатар оң әсері де болған.

Оң әсеріне студенттер мен оқушылардың жауапкершілікке деген қабілетінің өсуін жатқызуға болады. Осы күн сайын беріліп отыратын тапсырмалармен тікелей байланысты. Келесі әсері, бұл оқытушылардың материалдар сапасын жоғарылатуға бос уақыттың пайда болуы және заманауи бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану жалпы электрондық білім беруді тиімділігін көтерді.

Кері әсеріне алдымен практикалық оқыту мүмкіндіктері төмендегені атап өтілді. Яғни, бір сағат ішінде бүкіл тақырыпты түсіндіруге және оны іс жүзінде қолдануға мүмкіндік шектеулі болды. Белгілі бір уақыт аралықтарынан басқа, оқушыларға тәжірибе жасауға мүмкіндік болмады, өйткені бәрі мұғалімнің кестесімен шектелді. Бұл, ең алдымен, материалды түсіну деңгейіне теріс әсер етті. Техникалық мәселелер жеке тармақпен белгіленеді – оқытушылар интернет пен прокторингтің сапасына қанағаттанбады, компьютерде жұмыс істеп, барлық оқушыларды бақылау мүмкіндігінің болмауы. Сонымен қатар, студенттер физикалық ыңғайсыздықты кемшілік ретінде атап өтті.

Оқытушылар мен студенттердің арасындағы жүргізілген сауалнама барысында, келесі сұрақтарға жауап алынды: «Қашықтықтан оқытуға көшумен бірге оқытушыларға/студенттерге жүктеменің өзгеруін қалай бағалайсыз?»

Төмендегі 1 суретте біз оқытушылар мен студенттерге берілген жүктеменің әсерін көре аламыз.



Сурет - 1 – 2021 ж. Қашықтықтан оқытуға көшумен байланысты оқытушылар мен студенттерге жүктеменің әсері

Ескерту: [1] Әдебиет негізінде құрастырылған

Сонымен, 1 суреттен көріп отырғанымыздай, оқытушылардың 62% -ның жүктемесі көбейген, ал 37%-ның жүктемесі өзгермеген. Тек 2%-ның жүктемесі азайған. Студенттерге келетін болсақ, жартысынан көбі жүктеменің көбейгені туралы мәлімдейді. 1/3 бөлігі жүктеменің өзгермені туралы пайымдайды. Ал студенттердің 13%-ы үшін жүктеме азайған.

Қашықтықтан оқумен байланысты көптеген қиындықтарда да бар. Зерттеу барысында, келесідей деректер алынды (2-сурет).



Сурет - 2 – 2021ж. Оқытушылар мен студенттердің қашықтықтан оқудың қиындықтары
Ескерту: [1] Әдебиет негізінде құрастырылған

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі өткізген сауалнама бойынша ең көп қиындық респонденттердің 85%-ы платформаның жұмысындағы үзілістер жайлы хабарлады. Сонымен қатар, оқу барысында қажетті болмауы туралы респонденттердің 41%-ы айтты. Жуықтап, оқытушылар мен студенттердің 1/3 бөлігі сайттар жайлы ақпараттың жетіспеушілігін мәлімдеді. Айта кететін жайт, ол академиялық адалдықтың бұзылуы жайлы респонденттердің ¼ бөлігі жеткізді. Осы қиындықтар білім деңгейінің төмендеуіне әсер етеді.

Жоғарыда атап өтілген кемшіліктер әсерінен, мектеп бағдарламасын толық меңгермеу проблемасы балалардың ҰБТ нәтижелерінде көрінді. Бір жылда жалпы білім деңгейі мен орташа шекті балл күрт төмендеген.

1-ші кестеде 2019-2022 жж. аралығында Қазақстан Республикасының ҰБТ тапсырған түлектердің мәліметтері келтірілген.

Кесте-1

2019-2022 жж. аралығында Қазақстан Республикасының ҰБТ тапсырған түлектер саны

	2019	2020	2021	2022
Шекті баллдан өтті	82 657	83 760	45 301	103 254
Шекті баллға жетпеді	27 815	38 957	77 988	50 755
Орташа балл	76,3	67	66	66

Ескерту: [2] Әдебиет негізінде құрастырылған

1-кестеден ҰБТ тапсырушылар санының өсуін байқадық. Оның ішінде 2021 жылы шекті баллдар өткендер саны оның алдындағы жылға карағанда 2 есе азайған, сәйкесінше шекті баллға жетпегендер 2 есе көбейген.

Қорыта келсе, пандемия жаһандық академиялық қауымдастықты қашықтықтан оқытуды, білім берудің негізгі түрі ретінде тануға мәжбүр етті. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім берудің жаңа түріне қалай бейімделгенін және оқытуды жүзеге асыруда қандай қиындықтарға тап болғанын көрсетеді. Пандемия кезінде қашықтықтан білім беру платформалары оқу процесін жүзеге асырудың негізгі құралына айналды. Елдің жоғары оқу орындары пандемияға дейін Platonus және Moodle, ал мектептерде Kundelik сияқты платформаларды белсенді пайдаланды, ал пандемия кезінде кейбір ЖОО мен мектептер өздерінің платформаларын әзірледі, ал қалғандары ZOOM, Microsoft Teams, WebExCisco және т.б. сияқты танымал платформаларды пайдаланды. Бірақ та, бұл платформалар қолайсыздығын да көрсетті. Осылайша, қашықтықтан оқытудың білім деңгейіне кері әсері болса да, бұл білім беру саласынан кете алмайды. Қашықтықтан оқу шетелде оңай жоғары білім алу мүмкіндігін жеңілдетеді.

Әдебиеттер

1. Тематический анализ на тему «Влияние пандемии COVID-19 на высшее образование в Казахстане» // <https://iqaa.kz/o-nas/publikatsij/tematicheskie-analizi>

2. ҰБТӨП бөлінісінде ҰБТ қатысушылары және жинаған баллдары бойынша мәлімет // <http://www.testcenter.kz/stats/statisticheskie-dannye-ent/>

Боранбай Д.Қ., 1 курс (академика Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті)
Ғылыми жетекші - э.ғ.м. аға оқытушы Темирбекова Л.А

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Экономикалық өсімнің негізгі көрсеткіші ол аз көлемде шығын шығарып, мол табыс табу. Ол үшін өнімді еңбек ету аса маңызды. Бұл мақалада еңбек өнімділігі туралы айтылады. Қазақстанды басқа елдердің еңбек өнімділігімен салыстырамыз.

Еңбек өнімділігін түсіндіру үшін 2 компанияны мысал етіп алайық. Екеуіде бірдей өнім жасап шығарады және бұл екі компанияның шығарған тауар көлемі бірдей. Алайда, бірінші компанияда 50 жұмысшы, ал екінші компанияда 100 жұмысшы бар делік. Себебі бірінші компания жаңа технологиялармен жұмыс жасайды деп қарастырайық. Сонда бірінші компанияның еңбек өнімділігі, екіншісінен 2 есе жоғары болады. Бұл мысал ақылға сыймайды олай болуы мүмкін емес деп ойларсыз, алайда еңбек өнімділігі 2 есе емес 2000 есе артық болуы мүмкін. Мысалға, Африкада егіс алқабында мақта егіледі де, сол жердің жергілікті тұрғындары мақтаны қолмен тереді. Ал Америкалық фермер өз алқабындағы мақтаны комбайнмен жинайды. Ең қызығы бұл екі әр түрлі алқапта өсірілген мақтадар әлемдік нарықта бірдей бағада сатылады. Әрине мұндай жағдайда Америкалық фермердің еңбек өнімділігі 2000 есе жоғары болады.

Еңбек өнімділігі – жұмысшының уақыт бірлігінде белгілі бір өнім санын шығару қабілеттілігі.

Еңбек өнімділігінің деңгейі бір уақыт бірлігінде өндірілген өнім санымен немесе бір өнімді өндіруге жұмсалған жұмыс уақытының көмегімен өлшенеді. Практикада еңбек өнімділігінің деңгейінің тура және теріс шамаларын есептейді.

Экономикада бір ерекше қағида бар. Ол қағидада былай делінеді "Қандайда бір нәтижені өлшеуге болатын болса, онда оны жақсартуға болады". Яғни, мысал бойынша Африкалықтар комбайн алып мақта теретін болса, онда еңбек өнімділігін арттыра алар еді. Дәл сол сияқты Америкалық фермерде әр адам жеке жүргізетін комбайндардың орнына, бір орталықтан спутникпен басқарылатын комбайндар алатын болса, онда еңбек өнімділігін арттырар еді.

Еңбек өнімділігі деген индустрияландыру екен ғой деп ойласаныз, жоқ сіздікі қате деп айта алмаймыз. Себебі еңбек өнімділігін индустрияландырумен тығыз байланысты.

Алғаш тарихта еңбек өнімділігінің артуы дәл индустрияландырумен тұспа-тұс келеді. Анығырақ айтар болсақ, әлемдік деңгейде еңбек өнімділігінің артуы 18-ші ғасырдан ақ басталды. Ең алғаш индустрияландыру 18-ші ғасырдың аяғында Еуропада болған.

Ал бізде еңбек өнімділігі қарқынды түрде артқан кезең Кеңес одағында болған кезімізге тұспа-тұс келеді. Яғни өндірістік революция болған кезде еңбек өнімділігі артады. Алайда таяқтың екінші ұшы болатының ұмытпаған жөн. Себебі экономикада біреудің жеңісі, екінші біреудің жеңілісі. Қай кезеңде болмасын өндірістік революция болғанда еңбек өнімділігі артады да жұмыссыздық пайда болады.